

Облыстық коммуналдық мүлiктi иелiктен айыру түрлерiн таңдау жөнiндегi критерийлердi айқындау туралы

Күшiн жойған

Павлодар облыстық әкiмдiгiнiң 2016 жылғы 04 шiлдедегi № 212/5 қаулысы. Павлодар облысының Әдiлет департаментiнде 2016 жылғы 28 шiлдеде № 5186 болып тiркелдi. Күшi жойылды - Павлодар облысы әкiмдiгiнiң 2026 жылғы 2 ақпандағы № 21/1 қаулысымен

Ескерту. Күшi жойылды - Павлодар облысы әкiмдiгiнiң 02.02.2026 № 21/1 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн қолданысқа енгiзiледi).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергiлiктi мемлекеттiк басқару және өзiн-өзi басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттiк мүлiк туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 2011 жылғы 9 тамыздағы " Жекешелендiру объектiлерiн сату қағидасын бекiту туралы" № 920 қаулысына сәйкес Павлодар облысының әкiмдiгi **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Облыстық коммуналдық мүлiктi иелiктен айыру түрлерiн таңдау жөнiндегi критерийлер осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. "Павлодар облысының қаржы басқармасы" мемлекеттiк мекемесi заңнамада белгiленген тәрiптe:

осы қаулының аумақтық әдiлет органында мемлекеттiк тiркелуiн;

осы қаулының бұқаралық ақпарат кұралдарында және "Әдiлет" ақпараттық-кұқықтық жүйесiнде ресми жариялануын;

осы қаулыны Павлодар облысы әкiмдiгiнiң интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсiн.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкiмiнiң бiрiншi орынбасары Д.Н. Тұрғановқа жүктелсiн.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнiнен бастап қолданысқа енгiзiледi.

Облыс әкiмi

Б. Бақауов

Павлодар облысы әкiмдiгiнiң
2016 жылғы 4 шiлдедегi
№ 212/5 қаулысына
қосымша

**Облыстық коммуналдық мүлiктi иелiктен айыру
түрлерiн таңдау жөнiндегi критерийлер**

Р/с №	Критерийдің атауы	Айыру түрлері
1	Жекешелендіру объектісін әрі қарай бақылауға мемлекет мүдделілігінің болмауы; сауда-саттыққа қатысушылардың кең ауқымын қамту; объектіні барынша мүмкін баға бойынша сату.	Аукцион түріндегі сауда-саттықтар
2	Жекешелендіру объектісінің қызмет бейінін белгілі бір уақыт кезеңіне сақтау; объектіні барынша мүмкін баға бойынша сату.	Тендер түріндегі сауда-саттықтар
3	Жекешелендіру объектісіне белгілі бір уақыт кезеңіне мемлекеттің бақылауын сақтай отырып, қаржылық қаражатты тарту; сенімгерлік басқарушының, жалдаушының (жалға алушының) кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқару немесе мүліктік жалдау (жалға алу) шартының талаптарын орындауы.	Тікелей мекенжайлық сату
4	Мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды әрі қарай бақылауға мүдделілік болмағанда, оларды сату; сауда-саттыққа қатысушылардың кең ауқымын, оның ішінде шетелдік инвесторларды тарту; жекешелендіру объектісінің тиісті қор биржасының биржалық сауда-саттық қағидаларына сәйкестігі	Қор биржасындағы сауда-саттықтар
5	Мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың акцияларына құқықты куәландыратын өтімді бағалы қағаздарды сатудың қажеттігі; сауда-саттыққа қатысушылардың кең ауқымын, оның ішінде шетелдік инвесторларды тарту.	Туынды бағалы қағаздарды сату
6	Жекешелендіру объектісінің республикалық бюджет туралы заңда белгіленген, ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарынан әрекет ететін айлық есептік көрсеткіштің 2 500 000 еселенген мөлшерінен асатын баланстық құнында;	

	тәуелсіз консультантты тарту.	Екі кезеңді рәсімдер арқылы конкурс
--	-------------------------------	-------------------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК